

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының
2024 жылғы «15» шілдедегі
№ 1-8/35 өкімімен
БЕКІТІЛДІ

**«Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы, 2024 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) заңнамамен қарастырылған функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Академия Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №198 «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын құру туралы» Жарлығымен құрылды және Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 маусымдағы № 252 «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына атауы өзгертілді.

3. Академияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

4. Академияны жалпы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі (бұдан әрі – Кеңес), ал оған байланысты Академияның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Кеңес Аппараты (бұдан әрі – Аппарат) болып табылады.

5. Академияның толық және қысқартылған атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Республиканское государственное учреждение «Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан»;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы» РММ;

орыс тілінде – РГУ «Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан».

6. Академияның тұрған жері – 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, 46.

2-тарау. Академияның заңдық мәртебесі

7. Академияның дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында және банктерде, шетел валютасын қоса алғанда шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Академия атауы жазылған мөрі, Академия атауы жазылған мөртабандары болады.

8. Академия Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда басқа заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Академия Кеңестің келісімімен филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

9. Академия өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Академияде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Академияның азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Академия қызметінің мәні:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыру;

3) ғылыми қызметті жүзеге асыру.

12. Академия қызметінің мақсаттары сот жүйесі үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

13. Академия өз мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган берген білім беру қызметіне арналған лицензияға сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) судьяларды, сот жүйесінің қызметкерлерін, заң консультанттарын, адвокаттарды және жоғары заң білімі бар адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де адамдарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

3) сот қызметі және сот актілерін орындау саласында ғылыми зерттеулер, сараптамалық жұмыстар және ақпараттық-талдау жұмыстарын жүргізу, олардың нәтижелерін заңнамаға, оқу процесіне және практикалық қызметке енгізу;

4) сот билігі қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қатысу;

5) сот жүйесі мен білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми және білім беру саясаты мен мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

6) сот жүйесі мен қызметі саласындағы тұжырымдамаларды, доктриналарды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, жоспарларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

7) мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар конкурстарына қатысу;

8) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және әзірлеуге қатысу;

9) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу;

10) ғылыми-зерттеу, білім беру және оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік органдармен, отандық және шетелдік ғылыми, білім беру және басқа ұйымдармен және мекемелермен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау;

11) баспа және (немесе) типографиялық қызметті жүзеге асыру;

12) Академия бейініне қарай оқу-әдістемелік, ғылыми, ақпараттық әдебиеттерді, соның ішінде электронды, ғылыми еңбектерді, мерзімді және сериялық басылымдарды әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және тарату;

13) оқу процесін, ғылыми-зерттеулерді және кітапхананы автоматтандыруға бағытталған бағдарламалық өнімдер мен интернет-ресурстарды дамыту;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жүзеге асыру бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету;

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де қызмет түрлері.

14. Академияға осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Академия қызмет мақсаттарына қайшы, Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не Ректордың жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле Кеңес атынан Аппараттың, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның немесе не прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Академияны басқару

16. Академияны жалпы басқаруды Кеңес жүзеге асырады.

17. Кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Академияның білім беру қызметінің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жекелеген бөлімдерін әзірлеуге қатысады;

2) Академияның білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының жекелеген бөлімдерін және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін әзірлеуге қатысады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Кеңес Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Академия Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Академияның құрылымын, Академияның басқару органдарының құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Академияның шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды және бекітеді;

3) Академия Ректорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

4) Академия Ректорының ұсынымы бойынша вице-ректорды лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

5) Академия қызметінің қағидаларын бекітеді;

6) Академияның оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

7) Академияға оқуға қабылдау қағидаларын бекітеді;

8) үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын бекітеді;

9) оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамалау, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

10) Академия білім алушыларының кәсіптік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру мен одан өту қағидаларын бекітеді;

11) Академияға қайта қабылдау қағидаларын бекітеді;

12) Академияның педагогтері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекітеді;

13) Академияның педагогтері, ғылыми жұмыскерлері лауазымдарына орналасу қағидаларын бекітеді;

14) Академияда білім алу нысандары мен технологияларын айқындайды;

15) Академияда білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

16) Академияда қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Аппарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Академияны мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді;

2) Академия қызметінің қағидаларын әзірлейді;

3) Академияның оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

4) Академияның оқуға қабылдау қағидаларын әзірлейді;

5) үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді;

6) оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамалау, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;

7) Академия білім алушыларының кәсіптік практикасы мен тағылымдамасын ұйымдастыру мен одан өту қағидаларын әзірлейді;

8) Академияға қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді;

9) Академияның педагогтері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын әзірлейді;

10) Академияның педагогтері, ғылыми жұмыскерлері лауазымдарына орналасу қағидаларын әзірлейді;

11) Академияның ақпараттық жүйелері мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

12) Академияда білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;

13) Сот төрелігі академиясында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;

14) Академияның бюджеттік шығыстарын қарайды, келіседі және бекітеді;

15) Академияның тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды келіседі;

16) сот оқуы, судьялардың біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

17) Академияның мүлкін бекітіп береді;

18) Академияны қаржыландыру жоспарын бекітеді;

19) Академия мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

20) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

21) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Академияға берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) - 13) тармақшаларында көзделген функциялар Академия әзірлеген құжаттар жобаларының негізінде жүзеге асырылады.

20. Аппарат басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Академияның штат кестесін келіседі;

2) Академияның тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Академия Ректоры Кеңес Төрағасының өкімімен лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

22. Академияның Ректоры Академияның жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Кеңес Төрағасына тікелей бағынады және Академияге жүктелген міндеттер мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауаптылықта болады.

23. Кеңес Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы Академия Ректорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

24. Академияның Ректоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Академия қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Академия Ректорының Академиямен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

26. Академия Ректоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Академия атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Академияның мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Академияның іссапарлар, тағылымдамалар, профессорлық-оқытушылық құрамды, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) Академияның барлық жұмыскерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Кеңес Төрағасымен келісу бойынша тағайындалатын қызметкерлерден басқа, Академия жұмыскерлерін, оқытушыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Академия жұмыскерлеріне, оқытушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
- 10) Академияның вице-ректорының және өзге де құрылымдық бөлімше басшыларының міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Кеңеспен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Академияның міндеттерін тиімді шешу және функцияларын орындау мақсатында Кеңес Төрағасы бекітетін Академия қызметінің қағидаларына сәйкес алқалық басқару органдары құрылады.

28. Академияның алқалық басқару органдарының тәртібін, олардың құрамын және мүшелерінің санын Академияның Ректоры айқындайды.

5-тарау. Академия мүлкінің құрылу тәртібі

29. Академия мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Академияның мүлкі мыналардың есебінен құрылады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса

алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздер.

30. Академия дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

31. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Академияға кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған ақша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Академия білім және ғылым саласында өндірген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен ақшаны қоспағанда, тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

32. Академияның қызметі республикалық бюджеттен қаржыландырады.

33. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

34. Академияның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Кеңес атынан Аппарат жүзеге асырады.

6-тарау. Академиядағы жұмыс тәртібі

35. Академияның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

36. Академияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Кеңес Төрағасының шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында тіркеледі.

8-тарау. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

37. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша, сондай – ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Кеңес жүзеге асырады.

39. Таратылған Академияның кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

40. Таратылған Академияның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, Академия кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Ректор БАЙМОЛДИНА ЗАУРЕШ ХАМИТОВНА _____

ҚОЛЫ